

Бекітемін  
ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»  
менгеруші: **Исбаева Н.М.**



## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортанғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбеттің тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа зандағы екілдерімен кеңес, әнгімелесу</b>	Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әнгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді

<b>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</b>	<p>бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сұрту.</p> <p>"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қымылдарын балалармен бірге жасайды). Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Фарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бұгу) Бір аяқты өткізіп, (кол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (кол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Қолды женге өткізіп, (бір қолды бұгулі қалыптан ашып, созу) Қолды женге өткізіп, (екінші қолды бұгулі қалыптан ашып, созу) Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дene оrtасы бойымен төмennен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас</p>	<p>бүріккіш пистолетпен сумен бұрку.</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру.</p>	<p>тәртіpe ұstau: жuu, кептіру, сұrту жәne орнына қoю.</p> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Ұшақ" ойыншығымен танысу". Мақсат-міnдеттер. Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік корын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сұрту.</p> <p>«Ұшақтар» саусақ жаттығуы Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонаіық. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p> <p><b>Kіm жылдам?</b></p> <p><b>Жаңылтиштан жаңылма:</b></p> <p><b>Көк аспанда жұлдыз бар, Мөлдір суда құндыз бар. Жұлдыз түнде жылтыrap, Құндыз түнде жылтыrap.</b></p>	<p>салуға көмектесу.</p> <p><b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>«Есіне сақта».</b> Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)</p> <p>Алақай! Алақай! Фарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Фарышкерміз, балақай! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>			
Ертеңгілік жаттығу	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).</b></p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>(дene шынықтыру)</b></p>			
Танғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сейлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p>			

*Көркем сөз*

Сабындаған кезінде

Ашытады көзінді.

Бола білсең төзімді,

Тап-таза етер өзінді.

Тазалықтың досы -

Сабын деген осы.

**(мәдени-гигиеналық дағдылар)**

**Ұйымдастырылған іс-  
әрекетке дайындық**

**Шаттық шенбері**  
Мақсат-міндеттер. Балаларға  
эмоционалды жағымды көңіл-  
күй мен ұйымдастырылған іс-  
әрекетіне мотивациялық  
дайындықты қалыптастыру,  
балаларға бір-бірімен  
сәлемдесуге мүмкіндік беру,  
ұжымда достыққа тәрбиелу.  
Кел, балалар, құлейік,  
Күлкіменен түлейік!  
Қабақ түйген не керек,  
Көңілді боп жүрейік!  
Кел, балалар, құлейік!  
Күлкіменен түлейік!  
Күлкі көңіл ашады,  
Күліп өмір сүрейік!  
**(сөйлеуді дамыту)**

**«Дос болайық  
бәріміз»**  
Ойынның мақсаты:  
ұжымда бірлікті  
қалыптастыру.  
Балалар бір-бірінің  
артына тұрады да,  
алдында тұрған  
баланың иығынан  
ұстайды. Осы  
қалыпта олар әртүрлі  
кедергілерді  
еңсереді:  
- орындыққа көтерілу  
және тұсу; - ұстелдің  
астынан өту;  
- «көлді» айналып  
өту»;  
- «ну орман» арқылы  
өту»;  
- «жабайы  
жануарлардан»

**Шаттық шенбері**  
Мақсат-міндеттер.  
Балаларға  
эмоционалды  
жағымды көңіл-күй  
мен оқу қызметіне  
мотивациялық  
дайындықты  
қалыптастыру,  
балаларға бір-бірімен  
сәлемдесуге  
мүмкіндік беру,  
ұжымда достыққа  
тәрбиелу.  
Жарық болсын  
күніміз,  
Жарқын болсын  
үніміз.  
Елін сүйіп ер жетер,  
Біз болашақ гүліміз.  
**(сөйлеуді дамыту)**

"Алтын микрофон"  
арқылы тақырыпқа  
байланысты сұхбат  
жүргізу.  
**(сөйлеуді дамыту, қазак  
тілі)**

**«Сиқырлы дүрбі»**  
Ойынның мақсат-  
міндеттер: топтың әр  
мүшесінің жақсы  
жақтарын көре білу  
қабілетін қалыптастыру.  
Тәрбиеші балаларға  
«сиқырлы дүрбіні»  
көрсетеді және балаларға  
дүрбімен біреуге қараған  
кезде тек оның жақсы  
жақтары ғана көрінетінін  
түсіндіреді. Алдымен  
тәрбиеші дүрбімен қарап,  
топтағы бір баланың  
жағымды қасиеттерін атай  
отырып, үлгі көрсетеді.  
Содан кейін балалар  
дүрбімен құрдасына  
қарайды да, оның жақсы  
жақтарын көріп тұрғанын  
және ол қандай қасиеттер

		жасырыну. Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.			(мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Фарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тұра секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Ғажайып ғарыш". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жілтен екі аяқпен секіруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Тұған ел". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тындау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай	<b>Дене шынықтыру</b> "Айтшы, ғарыш алыс па?" Мақсат-міндеттер. Балаларды тізені биікке көтере отырып жүргүре үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелей(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру.	<b>Қазақ тілі</b> «Гарышкер деген кім?» Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін көңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубекіров туралы мәлімет беру.

			білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.		
<b>2- таңғы ас</b>	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтуда. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылышқа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Серуен</b>	<b>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b>	<b>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылышты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың	<b>Сауықанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: жылдың осы уақытында құстардың мінездүкүлкі туралы түсініктерін көңейту, білімді жаңа сөздермен, үғымдармен байту.	<b>Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (бақшадағы жолдарды тегістеу).	<b>Талды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. <b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы

<p>(ауланы сыптыру). <b>(енбек дағдылары)</b>          Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Ары қарай секір". (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үрету.</p>	<p>айырмашылығы мен ұқастығын таба білуге жаттығу.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қоқыстарды жинау). <b>(енбек дағдылары)</b>          Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген үмтілісты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> күрекпен жұмыс жасауға үрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қарға мен торғай". (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: кеңістіктең бағдарлауды үретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бүйріғын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту.</p>	<p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қоқыстарды жинау). <b>(енбек дағдылары)</b>          Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген үмтілісты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Құстар". (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (күм шелектерін көтеру).</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Құстардың ұшы". (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту.</p>	<p>коқыстардан тазарту). <b>(енбек дағдылары)</b>          Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену, тапсырманы қүшжігермен орындау.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Тұзу жолмен жүреміз тұра", "Маган қарай жүгіріндер". (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бұгуді үрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</b> допты жоғары лақтыру (қолды емін-еркін кимылдату). (дene шынықтыру)          Мақсат-міндеттер: ептілік пен төзімділікті дамыту.</p>
--	--	---	---	---

	<p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жалаушаға дейін жүгір". (дene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту.</p>		
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		
<b>Тұсқі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Құралдар: сабын. <i>Көркем сөз</i> Сабындаған кезінде Ашытады көзінди. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінди. Тазалықтың досы - Сабын деген осы. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>		
<b>Тұсқі үйқы</b>	Балалардың тыныш үйқытауына жайлы жағдай туғызу.		
<b>Біртіндең үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Үйқыашар жаттығулары.</b> Керует жанындағы жаттығулар "Құстар"</p>		

	<p>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</p> <p>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.</p> <p>3. "Құстар жем шүқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (dene шынықтыру)</p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)</b>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру.</p> <p><b>"Фарышкер" қимылды ойны.</b> Педагог: - Балалар, бүгін жаңа ойын ойнаймыз. Ойныныз "Фарышкер" деп аталады. Мен сендерді ойнинниң ережесімен таныстырамын, мұқияттыңда алындар. "Фарышкер" ойнында педагог балаларды екі топқа</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінен зымыран суретін салуға үйрету; қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау.</p> <p><b>Ұлттық ойын. Ұш табан</b> Ұш табан ойнау үшін тақыр жерге</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Фарышкерлердің жаттығулары". Балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тен", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; фарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру.</p> <p><b>"Ұшты-ұшты" қимылды ойны.</b> Мақсат-міндеттер:</p>	<p><b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Фарыш әлемі". Мақсат-міндеттер. Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуенниң басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын менгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратада білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен</p>	<p><b>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, барықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылышымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру.</p> <p><b>"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойны.</b></p>

<p>бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс. Педагог ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (ғарышкер ауда қалқиды, ғарышкер аспанға үшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) балалар сол қымылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ женғен болып есептеледі.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>көлденең сзыық сзыллады да, оған әр ойынши бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойынши баставайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созлады.</p>	<p>шапшандыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айттыса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айттыса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұнқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді) <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үрету. <b>Қимылды ойындар "Ұшақтар".</b> Балалар ұшақтардың рөлін орындауды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Мақсаты: балаларды жүгірістен ұзындыққа секіруге, қолдың өткір толқынымен, тәнгерімді сақтай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Ептілікке, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Алаңның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашықтықта екі сзыық жасалады, бұл арық. Алаңның бір жағында ешкілер үйі орналасқан. Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қасқыр. Ешкі үйде, қасқыр шұңқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген белгісі бойынша ешкілер сайдың қарама-қарсы жағына, арықтан секіріп жүгіреді (қасқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер, үйге қайт» деген белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Қасқыр арықтан шықпай ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар</p>
--	--	---	---	--

				арықтың соңына қарай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге қайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. <b>(дene шынықтыру)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жұмбақтар жасыру.</b> Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	"Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған		<b>Жұмбақтар жасыру.</b> Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан.(Күн) Алып кілем - Гүлге толы Үсті кілен. (Жер) <b>(сөйлеуді дамыту)</b>

		<p>қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу").</p> <p>- Зууу! Зууу!</p> <p>Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>		
Серуенге дайындық		Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.		
Серуен		Тұскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>		
Серуеннен оралу		Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		
Кешкі ас		<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде</p> <p>Ашытады көзінди.</p> <p>Бола білсең төзімді,</p> <p>Тап-таза етер өзінди.</p> <p>Тазалықтың досы -</p> <p>Сабын деген осы.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>		

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарau, сипаттаu; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұраптарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің даусыс ырғағы мен мәнерлігін оларға елікте, жеткізуі үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тәn дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Эн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен біr қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.</p> <p>Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-әрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p> <p>Табигат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (<b>зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті</b>)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар үйимдастыру. (<b>математика негіздері</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b></p>	<p>Психолог кеңесі. Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"</p>	<p>Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әнгімелесу.</p>	<p>Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?".</p>	<p>"Баланыздың неге бейім екендігін байқадыныз ба?" тақырыбында әнгімелесу.</p>	<p>"Біз біr аптада не істедік" тақырыбындағы көрме үйимдастыру.</p>